

**"Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы № 24/6-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 маусымдағы № 3/8-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 шілдеде № 4593 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 мамырдағы № 24/4-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 17.05.2018 № 24/4-VI шешімімен. РҚАО - ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы № 24/6-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 28 қарашада № 3566 болып тіркелген, 2014 жылғы 1-7 желтоқсанда № 44 "Абай елі" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Абай ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Абай ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жаратуға келесі тарифтер бекітілсін:".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК